

Н. Тусупова, 2-курс

Ғылыми жетекші — А. Амантайұлы, жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі (Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

Жаппай дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің тиімділігі мен болашағы

Қазіргі кезде ғылыми техникалық үрдіс дамып тұрған уақытта көптеген салаларда жаңалықтар ашылуда. Дамыған мемлекеттер өздерінің ғылымын әртүрлі салада қолданып жатыр. Көптеген елдерде халықты жаппай доктилоскопиялық және геномдық тіркеудің негізінде белгісіз жағдайда жоғалып табылған адамды тану, табиғи апаттар, оқиғалар салдарынан немесе қылмыстың себебінен қайтыс болған адамның мәйітін тану, анықтау, қылмыс жасаған адамдардың ісін тез ашу, тастап кеткен сәбилердің ата анасын табу, шетел азаматтарын, босқындарды бақылауға алу сияқты мәселелер шешіліп отыр.

Бізде тәуелсіз мемлекет ретінде бұл үрдістен қалыс қалмауға тиіспіз.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бері криминология саласында біраз өзгерістер болды. Қылмыс салдарынан қаза болып, жасырылған жерінен табылған адамдардың кім екенін анықтау мүмкін болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Тіптен қылмыс салдарынан болмасада көптеген адамдар із-түзсіз жоғалып кетеді. Ал өлі күйінде табылған мәйіттердің кімге тиесілі екенін анықтау біраз жұмыстарды талап етеді.

Мемлекет азаматтарын дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден өткізу арқылы адамның жеке басын дәл анықтауға мүмкіндік аламыз. Бұл ақпарат тек құқық қорғау органдарына ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік, банк, көлік және коммуникация, рұқсат алуды бақылау салаларында да өз пайдасын береді. «Мәселен, қазіргі уақытта зорлық-зомбылық белгілері жоқ 3 542 мүрде танылмай отыр. Жедел іздестіру нәтижелерінде аты-жөні анықталмаған мүрделердің санын жылына орта есеппен небәрі 10 пайызға ғана төмендетуге қол жеткізіледі. Сондай-ақ, Қазақстан аумағына бас сауғалап не болмаса жұмыс іздеп келген шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, босқындардан саусақ таңбасын алу қажеттігі туындап отыр. Мәселен, шетелдіктерден, босқындардан саусақ таңбасын алу әлемнің көптеген елінде бар. Тіпті, БҰҰ-ның 1951 жылы қабылданған «Босқындар мәртебесі туралы» конвенциясында да саусақ таңбасын алуға жол беріледі». Геномдық мәліметті заңнамалық негізде пайдалану, оның ішінде сәйкесінше есепке алу Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Аргентина және басқа да елдердің құқық қорғау органдарымен жүзеге асырылуда. Бұған қоса тіркеу формасы жетілдіріле түсуде. Ал оны ешкім де азаматтардың құқын бұзу деп бағалаған емес. 2009 жылдан бастап әлемнің 118 елінде азаматтарды биометриялық тіркеу бойынша ұлттық жобалар енгізілуде. Олардың қатарында АҚШ, Австрия, Нидерланд, Норвегия, Германия, Бельгия, Ресей Федерациясы Беларусь және Өзбекстан мемлекеттері барⁱ.

Бүгінгі таңда еліміз тың өзгерістерден қалыс қалмай 2016 жылы 30 желтоқсанда «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» жаңа заң қабылдандыⁱⁱ. Енді заңның негізінде мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп қана

қоймай, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша, тұрақты тұрып жатқан азаматтар, азаматтығы жоқ немесе шетел азаматтары, босқындар жайлы толық, шынайы ақпараттармен тиісті мемлекеттік органдарды қамтамасыз етілетін болады. Бұл мәселенің өзекті болуы соңғы уақытта әлем елдерінің, сондай-ақ, еліміздің бейбіт тұрғындарына террористік топтардың жасап жатқан террорлық әрекеттері себеп болып отыр. Ал, осыған қатысты дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заң, өз кезегінде жеке басын құрбан еткен жанкештінің және оның қылмыстық ісінен қаза болған бейбіт тұрғынның не қызметкер немесе әскери қызметшінің жеке басын анықтауда саусақ іздері мен геномдық деректерін қолдануға мүмкіндік тудырады. Бүгінгі таңда әлем елдерінде және мемлекетімізде болып жатқан табиғи апат, көлік оқиғасы, техникалық ақаулар салдарынан көптеген адамдардың қаза болуы халықты алаңдататыны анық.

Заңның қабылдануы көптеген мәселелердің оңтайлы шешімін табуға мүмкіндік береді. Мәселен, әр азаматқа берілетін геномдық төлқұжатқа оның бүкіл деректері енгізілсе, онда қандайда бір келеңсіз жағдайға, апатқа, қылмыстық іске қатысы бар азаматтың жеке басы оқиға болған жерден алынған биологиялық материалдармен салыстыра отырып, тез, әрі жеңіл түрде сәйкестендіріліп, толық анықтауға негіз болады. Тиімділігі жағынан мемлекет қаржысын үнемдеуге, мәйіттердің биологиялық материалдарын бір облыстан, бір облысқа жібермей, өзінде зерттеп, анықтауға болады. Сонымен қатар, азаматтардың арнайы органдарға арыз-шағымдары азайып, қылмыстық іс бойынша, кінәліні нақты анықтауға зор үміт бар.

Осы жерде айта кететін мәселе, азаматтарды жаппай дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің криминологиялық сипатта қате түсінуден мәні туындауы мүмкін. Себебі азаматтарды жаппай тіркеуде криминологиялық мақсаты мен міндеті бар болғандықтан, бейбіт азаматтарды қылмыскерлермен теңестіріп, Конституциямен көзделген «адам құқықтары мен бостандықтары» бұзылуы мүмкін деген ойлар айтылады. Бірақ бұл тұрғыда, алаңдайтын еш себеп жоқ. Заңның қабылдануы тек қана криминологиялық мақсатта қылмыскерлерді табу үшін ғана қолданылмайды, сондай-ақ, жоғалған адамдарды табуға, мәйіттің кімге тиесілі екенін анықтауға, адамдарға жоғалтып алған туыстарын табуға, адамның жеке басын анықтауға үлкен мүмкіндік тудырады. Азаматтардың құқықтары бұзылады деген түсінікті сейілту үшін, жоғарыда біз мұндай жаппай тіркеу кейбір шетелдерде әлде қашан бар екенін айтып өттік. Оларда ешкімнің құқығын бұзып жатқан жоқ және біздің азаматтар сол шетелдерге барғанда саусақ іздерін міндетті түрде сканердан өткізіп, тіркейтінін айта кетеміз.

Заңның негізінде дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу адам денсаулығына қауіпті болмауы, оның ар-намысы мен абыройын қорламауы тиіс. Осы тұрғыда құпия мәліметтерді жариялауға, ақпараттық қауіпсіздікті қорғауға қатысты заңдарға қатаң өзгерістер енгізілуі тиіс.

Биометриялық деректердің автоматтандырылған есеп жүйесі Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы мен Ішкі істер министрлігімен құрылып, қамтамасыз етіліп және олардың есепке алынған жері бойынша электронды түрде сақталатынын айтамыз.

Көпшілікті азаматтардың биометриялық деректерінің таралып кетпеу мәселесі алаңдата- тындықтан құпия деректердің сақталуын қамтамасыз ететін қызметкерлердің міндеттері

заңмен бекітіліп, жауапкершіліктері күшейтілгені жөн. Техникалық операторлардың деректерді өңдеу кезіндегі міндеттері, олардың іс-әрекеттеріне шағым жасау тәртібі заңмен қарастырылған болуы тиіс.

Сонымен жаппай дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді, келесі мәселелерді шешуге пайдалануға болады:

- 1) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен жеке тұлғаларды іздестіруге;
- 2) адамның жеке басының танылмаған мәйіттерін анықтауға;
- 3) денсаулығына немесе жасына қатысты деректерді беруге қабілеті жоқ жеке тұлғалардың жеке басын анықтауға;
- 4) қылмыстардың алдын алу, ашу мен тергеуге, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтауға;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың, босқындардың жеке басын растау мәселелерін шешуге;
- 6) Президенттік және мәжіліс депутаттарын сайлау кезінде сайлаушыларды идентификациялау арқылы және дауысты саусақ іздерінің көмегімен беруге.

Қылмыстардың алдын алу, ашу мен тергеу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтауға келетін болсақ, қылмыс қылмыстық оқиға болған жерлерді қарауда көбінесе кездесетін дәлелдік айғақтардың бірі ол әрине қолтаңбалары болып табылатындығын мойындау қажет. Дактилоскопияның бір ғасырдан аса уақыт қылмыстарды ашу мен тергеуде қолдануына қарамастан, ол әлі өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше соңғы онжылдықтарда дактилоскопияның мүмкіндіктері едәуір кеңейді. Жалпы дактилоскопиялық базаның болуы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысын жеңілдететін еді.

Сонымен, қатар жалпы дактилоскопиялық базаны Қазақстан Республикасындағы Президенттік және мәжіліс депутаттығына сайлау кезінде сайлаушыларды идентификациялауға қолдануға болады. Мысалы, жақында көршілес Қырғызстан Республикасында өткен парламент депутаттығына сайлау жалпы дактилоскопиялық базаның тиімділігін көрсетті. Қырғызстан Республикасында 2,7 миллион сайлаушы биометрикалық тіркеуден өтіп, сайулаға қатысты, бұл өз кезегінде тұлғаны сәйкестендіруді жеңілдетті және сайлау қорытындыларын фальсификациялауға жол бермеді.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша Қазақстан Республикасында жаппай дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заң қабылданды, тек күшіне енуі 2020 жылы. Оған дейін халыққа түсіндіру және жарнамалау жұмыстарын, жүзеге асыру механизмін реттеп, оңайлату режимдерін анықтап, зерттеген дұрыс.

ⁱ http://www.proexpertizu.ru/general_questions

